

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 28 ақпандағы
№ Д/С-86 хатқа

Құрметті депутаттар!

Кіші медициналық персоналдың жалақысын ұлғайтуға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде 2022 жылғы 1 қаңтардан жекелеген санаттағы азаматтық қызметшілердің, сондай-ақ кіші медициналық персоналдың жалақысы 2022 – 2025 жылдар аралығында **жыл сайын орта есеппен 20 %-ға** кезең-кезеңімен медициналық көрсетілетін қызметтердің барлық түрлеріне тарифтерді ұлғайту арқылы арттырылуда. Нәтижесінде 4 жыл ішінде олардың жалақысы 2 есеге артады.

Бұдан басқа, медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін кіші медициналық персоналдың жалақысын көтеру үшін Денсаулық сақтау министрлігі, Ұлттық денсаулық сақтау палатасы және қызметкерлердің кәсіптік одақтары арасында жасалған 2023 – 2025 жылдарға арналған салалық келісімде қосымша олардың лауазымдық жалақысына 1,15 мөлшерінде түзету коэффициенті белгіленді.

Сондай-ақ 2024 жылдан бастап тарифтерде медициналық емес жұмыскерлердің жалақысын 20 %-ға көтеру және жұмыс берушілердің қаражаты есебінен 1,5 % мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын төлеу ескерілді.

2022 жылдан бастап жергілікті атқарушы органдарына мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу құқығы берілді.

Жалпы денсаулық сақтау ұйымдарының 95 %-дан астамы шаруашылық жүргізу құқығы бар кәсіпорындар ретінде жұмыс істейтінін атап өткен жөн.

Осыған байланысты шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын өз жұмыскерлерінің жалақысын дербес ұлғайта алады.

Сонымен бірге қазіргі уақытта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бюджет саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде, сондықтан денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің жалақысын одан әрі көтеру осы жұмыстың шеңберінде қаралады.

Еңбек Кодексінің 157-бабына сәйкес ұжымдық шарттың мазмұнында жұмыскерлердің санаторийлік-курорттық емделуін және демалысын ұсыну мәселелері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес («Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабы) коммуналдық тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжайлар немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлар мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлеріне беріледі.

Бұл жағдайда денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар бюджеттік ұйымдар болып табылады.

Бұдан басқа, медициналық ұйымдардың жұмыскерлері Отбасы Банкінің қолданыстағы тұрғын үй бағдарламалары шеңберінде тұрғын үй сатып ала алады.

Т. Дүйсенова